

БЕКІТІЛДІ:
«Юникредо» микроқаржы ұйымы ЖШС
Бас директорының №1/3 бұйрығымен

Кан Ю.В.



«Юникредо» МҚҰ» ЖШС құпиялылық саясаты

«Юникредо» МҚҰ» ЖШС (бұдан әрі – Ұйым) қызметтерін пайдалану пайдаланушының сөзсіз келісімін білдіреді:

- осы Құпиялылық саясатымен (бұдан әрі - Саясат)
- Саясатта көрсетілген оның дербес деректерін өңдеу шарттарымен.

Ұйым Сайтын/Мобильді қосымшасын және/немесе қызметтерін пайдалану Пайдаланушының осы Ереженің шарттарымен келісетінін және Ұйым және Пайдаланушы мен Ұйым арасында жасалған (жасалуы мүмкін) Сайттағы/Мобильді қосымшадағы кез келген мәмілелерді/операцияларды жасасуға және/ немесе орындауға және/немесе техникалық қызмет көрсетуге қатысы бар және/немесе болуы мүмкін үшінші тұлғаларға, оның ішінде Ұйым кез келген ықтимал, жария дереккөздерінің мемлекеттік деректер базасынан алынған бейнетіркеу/фототіркеу нәтижелерін ұсынатын серіктестерге, ұялы / ұялы байланыс операторларына, тұлғаларға Пайдаланушының қағаз тасығыштардағы, сондай-ақ электрондық форматтағы дербес деректерін Ұйым/дерекқор операторларының/үшінші тұлғалардың деректер массивтерінде және/немесе дерекқорларында жинауға және өңдеуге өзінің сөзсіз келісімін беретінін білдіреді. Осы шарттармен келіспеген жағдайда, Пайдаланушы Ұйым Сайтын/Мобильді қосымшасын және/немесе қызметтерін пайдаланудан бас тартуы керек.

Ұйым кез келген уақытта Саясат бөліктерін біржақты тәртіппен өзгертуге, қосуға және/немесе жоюға құқылы. Саясатқа енгізілген барлық өзгерістер www.gmoney.kz сайтында (бұдан әрі – Сайт), сондай-ақ Ұйымның Мобильді қосымшаларында жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.

Саясат:

- Пайдаланушы сайтқа кіріп және оның сервистерін пайдаланып, микрокредит алу үшін Ұйымның қызметтерін пайдаланған кезде Ұйым одан алуы мүмкін дербес деректерге қатысты қолданылады/Ұйымның Мобильді қосымшасы;
 - бөгде ұйымдардан – Кредиттік бюролардан, зейнетақы төлеу орталықтарынан және басқа ұйымдардан (бұдан әрі – үшінші тұлғалар) алынған деректерге қатысты қолданылады;
 - пайдаланушының дербес деректерін өңдеу және қорғау тәртібін түсіндіреді.
- Бұл ретте Ұйымның тапсырмасы бойынша дербес деректерді өңдейтін үшінші тұлға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген дербес деректерді өңдеуге қойылатын талаптарды сақтауға міндетті.

1. Дербес деректерді жинау мен өңдеудің мақсаттары, шарттары

1.1. Ұйым дербес деректерді (соның ішінде, бірақ олармен шектелмей) келесі мақсаттардың әрқайсысы үшін жинайды, өңдейді және сақтайды (Ұйым мен Пайдаланушы арасында тиісті қарым-қатынастар туындауына қарай):

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Ұйым көрсете алатын микрокредиттік және (немесе) өзге де қызметтерді алуға Пайдаланушының өтінімін қарау үшін;
- Ұйымның қашықтан қызмет көрсету арналары, оның ішінде сайт/ Мобильді қосымша арқылы Пайдаланушыға микрокредит беру қызметтерін және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де қызметтерді көрсету үшін;
- алаяқтық және (немесе) күдікті операцияларды анықтау және болдырмау үшін;

- Ұйымның ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тәртіппен және шектеулерді ескере отырып, Сайттағы/Мобильді қосымшадағы жеке кабинетте сәйкестендіру және анықтап тану/тіркелу үшін, Ұйымның қауіпсіздік режимін және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарының сақталуын қамтамасыз ету үшін.

- ақпарат алмасу үшін, оның ішінде клиенттердің өтініштерін, шағымдарын, ұсыныстарын, ұсынымдарын, нарзылықтарын, тапсырмаларын, т.б. қарау және (немесе) оларға жауаптар беру (және/немесе үшінші тұлғалардың), курьер, курьерлік қызмет, жедел пошта және т.б. қызметтері арқылы жіберу (жеткізу)/алу үшін, Пайдаланушыға хат-хабарларды (поштаны) беру (алу) үшін;

- маркетингтік мақсаттар үшін, Пайдаланушыға кез келген ақпараттық материалдарды, оның ішінде Ұйымның өнімдері және (немесе) қызметтері туралы, сондай-ақ телефон және басқа байланыс түрлері, сондай-ақ ашық байланыс арналары (соның ішінде SMS, e-mail, факс және т.б.) арқылы басқа хабарламаларды ұсыну (жіберу) үшін;

- маркетингтік және жарнамалық акцияларды әзірлеу үшін, Пайдаланушының Ұйыммен тарихын ескере отырып, пайдаланушыға одан әрі қызмет көрсету үшін;

- Ұйым қызметкерлерінің немесе уәкілетті тұлғалардың ішкі тексерулер мен тергеп-тексерулер жүргізуі үшін;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген (белгіленуі мүмкін) өзге де мақсаттар үшін;

1.2. Осы Саясаттың шарттарымен келісе отырып, Пайдаланушы осымен келесіні растайды:

- дербес деректерді жинауға және өңдеуге осы келісім Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келетін жағдайларда немесе Ұйымның алдында орындалмаған міндеттеме болған жағдайда кері қайтарып алуға жатпайды;

- Ұйым сәйкестендіру және анықтап тану мақсатында, сондай-ақ ұялы байланыс операторларының кредиттік рейтингін бағалау мақсатында Пайдаланушының дербес деректерін беруге және алуға құқылы;

- Ұйым Пайдаланушының дербес деректерін «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ-на, «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС-не, мемлекеттік деректер базаларына, мемлекеттік деректер базаларының операторларына/иелеріне беруге, сондай-ақ «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ-нан, «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС-нен, оның ішінде мемлекеттік деректер базаларынан мемлекеттік деректер базаларының операторларынан/иелерінен және кез келген ықтимал көпшілік көздерінен алынған Пайдаланушының дербес деректерін алуға, «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ-на, «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС-не мемлекеттік деректер базасынан алынған дербес деректерімізді Ұйымға беруге/табыстауға, мемлекеттік деректер базасының иелерінің барлық мемлекеттік деректер базаларынан алынған дербес деректерімізді Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ-на, «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС-не тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы беруге құқылы;

- Ұйым Пайдаланушыдан және кез келген үшінші тұлғалардан алынған дербес деректерді жинауға (алуға) және өңдеуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын ескере отырып, Пайдаланушының дербес деректерін үшінші тұлғаларға беруге (соның ішінде трансшекаралық беруге)/жалпыға қолжетімді көздерде дербес деректерді таратуға құқылы;

- Ұйым Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Пайдаланушының дербес деректерімен, оның ішінде автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып немесе оларды пайдаланбай орындалатын кез келген әрекетті (операцияны) немесе осындай әрекеттердің (операциялардың) жиынтығын, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей, жинау, өңдеу, жазу, көшіру, резервтік көшіру, қорғау, скрининг, жүйелеу, жинақтау, Ұйым ішінде және одан тыс сақтау (қауіпсіздік пен құпиялылық талаптарын сақтай отырып), нақтылау (өзгерту, жаңарту), шығарып алу, пайдалану, беру (тарату, қол жеткізуді қамтамасыз ету, оның ішінде, трансшекаралық беруді қоса алғанда, Пайдаланушының дербес деректерін үшінші тұлғаларға өңдеу құқығымен беру), иесіздендіру, бұғаттау, алып тастау, жою әрекеттерін жүзеге асыруға, оның ішінде, егер бұл Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келмесе, Ұйымның тапсырмасы бойынша осы әрекеттерді үшінші тарапқа жасатуға құқылы;

- Пайдаланушы Ұйымға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтерді көрсету үшін қажетті өзінің дербес деректерін беруден бас тартқан жағдайда, Ұйым Пайдаланушыға іскерлік қарым-қатынастар орнатудан және қызметтерді көрсетуден бас тартуға мәжбүр болады;

- Егер дербес деректерді өңдеу қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылса, Пайдаланушының оның дербес деректеріне қол жеткізуі үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзса, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда, Ұйым Пайдаланушының оның дербес деректеріне қол жеткізуін шектеуге құқылы;

- Ұйым Пайдаланушының дербес деректерін жинау және өңдеу бойынша жасалап жатқан қандай да бір әрекеттер туралы ешкімді хабардар етуге міндетті емес.

- осы Саясаттың шарттарымен келісе отырып және өзінің келісімін бере отырып, Пайдаланушы осы келісімнің Ұйымның оған Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруы және тиісті түрде орындауы үшін қажетті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде жарамды екендігімен келіседі.

2. Ұйымның пайдаланушылардың дербес деректерін жинауы және сақтауы

2.1. Ұйым осы Саясатқа және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес, 21.05.2013 ж. №94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңындағы олардың анықтамасына сай, дербес деректерін қоса алғанда, келесі құпия деректерді, оның ішінде биометриялық деректерді (жеке тұлғаның бірегей сәйкестендіруін көздейтін немесе растайтын, осы жеке тұлғаның физикалық, физиологиялық немесе мінез-құлық ерекшеліктеріне қатысты арнайы техникалық өңдеу нәтижесінде пайда болатын дербес деректер, мысалы, адамның бет бейнесі) жинайды, өңдейді және сақтайды:

- Сайтта/Мобильді қосымшада сауалнаманы жүктеп алу, пайдалану, тіркеу және толтыру үшін, сондай-ақ тиісті сәйкестендіру/анықтап тану/авторландыру үшін қажетті ақпарат (соның ішінде, бірақ олармен шектелмей): тегі, аты, әкесінің аты; азаматтығы; жеке басын куәландыратын құжаттың мәліметтері; жеке сәйкестендіру нөмірі; туған күні мен мәліметтері; жынысы; фото/бейне; қолтаңба (қолжазба және электронды цифрлық); биометриялық деректер; мөрлер, факсимиле, алгоритмдер, кодтар (цифрлық, әріптік, таңбаларды қолданатын және біріктірілген), сөздер сәйкестендіргіштері немесе сәйкестендіру кодтары және сәйкестендіру/анықтап тану/авторландыру үшін пайдаланылатын басқа да деректер;

- отбасы/әлеуметтік жағдайы туралы мәліметтер (оның ішінде, бірақ олармен шектелмей): «Туыскандық байланыстар» мемлекеттік деректер базасынан немесе туыскандық байланыстар туралы басқа мемлекеттік деректер базасынан мәліметтер, неке қию туралы куәлік деректері, жұбайының тегі, аты, әкесінің аты, жұбайының жеке басын куәландыратын құжат деректері; асырауында және/немесе басқа отбасы мүшелерінің болуы/болмауы; басқа отбасы мүшелерінің және асырауындағы адамдардың туыстық дәрежесі, тегі, аты, әкесінің аты және туған күні; ресми өкілі және/немесе қамқоршысы Пайдаланушы болып табылатын жеке тұлғалардың тізімі; пайдаланушы заңды түрде иеленетін және Ұйымға өз еркімен берген басқа мәліметтер;

- дербес медициналық деректерді құрайтын мәліметтер, сондай-ақ әрекет қабілеттілігі мен денсаулық жағдайын растау үшін қажетті мәліметтер (оның ішінде ресми мемлекеттік органдар мен ұйымдардан алуға болатын мәліметтер және т.б.);

- байланысты қамтамасыз ету, сондай-ақ сәйкестендіру/анықтап тану/авторландыру үшін қажетті мәліметтер (оның ішінде, бірақ олармен шектелмей): тіркеу орны, нақты орналасқан (мекендеген) жері, жұмыс орны және лауазымы; телефон нөмірі (үй, жұмыс, ұялы, ID – телефон нөмірлерінің шифрланған сәйкестендіргіші), электрондық пошта адресі; мекенжай анықтамасындағы мәліметтер және т.б.;

- білімі, кәсіби қызметі туралы мәліметтер (соның ішінде, бірақ олармен шектелмей): білімі, кәсібі, лауазымы; дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы деректер; сотталғандығының бар/жоқтығы, қылмыстық/әкімшілік жауапкершілікке тартылғаны туралы ақпарат;

- қызметтер көрсетудің тиісті сапасы және оны жақсарту, ұсынылатын қызметтерді жекелендіру, сондай-ақ Сайт/Мобильді қосымша арқылы қашықтан қызмет көрсету үшін қажетті мәліметтер (соның ішінде, бірақ олармен шектелмей): көрсетілген қызметтердің тарихы және мінез-құлық үлгілері, пайдаланылатын құрылғы туралы және құрылғыдағы бергіштерден алынған деректер, айналадағы нысандар туралы мәліметтер (мысалы, Wi-Fi рұқсат нүктелері, ұялы байланыс антенналары және Bluetooth модулі қосылған құрылғылар), метадеректер, cookie файлдар деректері, cookie сәйкестендіргіштері, пиксель тегтері, IP адресстері, браузер және операциялық жүйе туралы мәліметтер және т.б.

2.2. Ұйым Пайдаланушылар берген дербес ақпараттың шынайылығын тексеру құқығын өзіне қалдырады. Жалған ақпарат берудің салдары микрокредит беру шартында айқындалған.

2.3. Дербес деректерді беру ҚР заңнамасына сәйкес пайдаланушы ұсынылған офертада сипатталған қызметті көрсету шарттарын бұзған кезде Ұйымның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін қажет.

3. Ұйымның пайдаланушылардың дербес ақпаратын өңдеу шарттары

3.1. Ұйым пайдаланушылардың дербес деректерін ұйымдастыру және өңдеу кезінде 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңының және соған сәйкес қабылданған Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын, соған сәйкес қабылданған 2013 жылғы 21 маусымдағы № 105-V «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңын және 2004 жылғы 6 шілдедегі № 573-II «Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңын басшылыққа алады.

3.2. Ұйым дербес деректерді өңдеуді заңды негізде жүзеге асырады. Оған өңдеу мақсаттарына сәйкес келетін дербес деректер ғана жатады. Ұйымда өңделген дербес деректердің мазмұны мен көлемі өңдеудің белгіленген мақсаттарына сәйкес келеді, өңделген деректердің артық болуына жол берілмейді.

3.3. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын орындау шеңберінде Ұйым қарыздар беру операцияларын орындау мақсатында дербес деректерді өңдеуді жүзеге асырады.

3.4. Ұйым қызметтер көрсету үшін пайдаланушыдан алған пайдаланушылардың дербес ақпараты пайдаланушының меншігі болып қалады. Ұйымға дербес деректерді беру арқылы пайдаланушы Ұйымға оларды кез келген заңды пайдалану үшін, соның ішінде шектеусіз пайдалануға сеніп тапсырады:

3.4.1. қарыз беру;

3.4.2. осы Ережелердің 1.2-т. сәйкес ақпаратты үшінші тарапқа беру;

3.4.3. келісілген оферта бойынша келісімдердің орындалуын бақылау;

3.4.4. жарнамалық ұсыныстарды көрсету, соның ішінде үшінші тараптардан.

3. Құпиялылық

4.1. Ұйым құпиялылықты қамтамасыз ету талаптарын сақтайды.

4.2. Дербес деректерді үшінші тұлғаларға беруге сондай-ақ Ұйымның пайдаланушы алатын қарызға Өтінімін қарауға қажетті ақпаратты алуы үшін құпиялылықты сақтау шартымен рұқсат етіледі.

4.3. Ұйым Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес белгіленген рәсімді сақтай отырып пайдаланушыдан келісім алу шартымен дербес деректерді үшінші тұлғаларға беруге құқылы.

4.4. Алынған Өтінім мен Офертаны өңдеуге қатысу және пайдаланушыға қызметтер көрсету үшін Ұйым Қызметкерлеріне ақпараттың құпиялылығын сақтау жөніндегі міндеттемелерді қабылдау шарытмен пайдаланушылардың дербес деректерін өңдеуге рұқсат етіледі.

5. Дербес деректерді қорғау

5.1. Ұйым Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау туралы заңнамасының талаптарын сақтау міндеттемесін қабылдайды.

- 5.2. Ұйым пайдаланушылардың дербес ақпаратын қорғаудың барлық қажетті тәсілдерін жүзеге асырды.
- 5.3. Ұйым пайдаланушылардың дербес деректерін қорғау үшін қажетті құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қабылдайды. Бұл шараларға кіретіндер: дербес деректерді өзгертуге, көшіруге, жоюға, бұғаттауға, таратуға және зиянкестердің басқа да заңсыз әрекеттеріне жол бермеу.
- 5.4. Ұйымдастырушылық және техникалық қорғау шаралары дегенді білдіреді, бірақ олармен шектелмейді:
- 5.4.1. Дербес деректерді ұйымдастыруға, өңдеуге және қорғауға тек уәкілетті тұлғаларға рұқсат беру;
- 5.4.2. ҚР заңнамасының талаптары және дербес деректерді өңдеу және қорғау жөніндегі Ұйымның нормативтік құжаттары туралы қызметкерлерді хабардар ету;
- 5.4.3. ұрлауды, ауыстыруды, рұқсатсыз көшіруді және/немесе жоюды қоспағанда, дербес деректердің материалдық тасымалдағыштарын және олардың айналымын есепке алу және сақтау;
- 5.4.4. дербес деректерді қорғау жүйесін әзірлеу және қамтамасыз ету;
- 5.4.5. дербес деректердің сақтық көшірмесін жасау.
- 5.5. Ұйым, сондай-ақ үшінші тұлға келесіні қамтамасыз ету үшін дербес деректерді қорғау бойынша қажетті шараларды қабылдайды:
- 5.5.1. дербес деректерге рұқсатсыз қол жеткізуді болдырмау;
- 5.5.2. дербес деректерге рұқсат етілмеген қол жеткізу фактілерін уақтылы анықтау, егер мұндай рұқсат етілмеген қол жеткізуді болдырмау мүмкін болмаса;
- 5.5.3. дербес деректерге рұқсатсыз қол жеткізудің жағымсыз салдарын азайту.
- Ұйымның, сондай-ақ үшінші тұлғаның дербес деректерді қорғау жөніндегі міндеттемелері дербес деректерді жинау сәтінен бастап туындайды және олар жойылғанға немесе иеліктен шығарылғанға дейін жарамды.
- 5.6. Ұйым ақпараттық қауіпсіздік жүйелерін, соның ішінде жаңа технологиялардың дамуына қарай, тұрақты түрде нығайтуды жалғастыруда.

6. Пайдаланушының дербес деректерін жинауға, өңдеуге, сақтауға және беруге келісімі

- 6.1. Ұйымның Сайт/Мобильді қосымшасын пайдаланушысы Сайтта/Мобильді қосымша Өтінімді толтыру кезінде Құпиялылық саясатымен келісімін растай отырып, Саясатпен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында айқындалған тәртіппен өзінің дербес деректерін жинауға, өңдеуге, сақтауға және беруге келіседі және рұқсат береді.
- 6.2. Пайдаланушы осы Саясаттың шарттарымен келіспесе, ол Ұйымның сайт/мобильді қосымша, Ұйымның қызметтерін пайдалануды және дербес деректерді беруді тоқтатуы керек.

7. Пайдаланушының құқықтары

- 7.1. Дербес деректердің меншік иесі (пайдаланушы) құқылы:
- 7.1.1. Ұйымның, сондай-ақ үшінші тұлғаның дербес деректері бар екенін білу, сондай-ақ келесіні қамтитын ақпаратты алу:
- дербес деректерді жинау және өңдеу фактісін, мақсатын, көздерін, әдістерін растау;
 - дербес деректер тізімі;
 - сақтау мерзімдерін қоса алғанда, дербес деректерді өңдеу мерзімдері.
- 7.1.2. Ұйымның Сайттағы/мобильді қосымшағы Жеке кабинетке кіру арқылы өзінің дербес деректеріне қол жеткізу;
- 7.1.3. микрокредиттер беру туралы шарты бойынша қабылданған барлық міндеттемелерді орындау шартымен дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімін қайтарып алу;
- 7.1.4. өзінің дербес деректерін жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде таратуға келісім беру немесе бас тарту. «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

8. Жауапкершілік

8.1. Ұйымның, сондай-ақ дербес деректерге рұқсаты бар қызметкерлерінің дербес деректерді өңдеу мен қорғауды реттейтін талаптарды сақтамағаны үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес және Ұйымның ішкі құжаттарымен реттеледі.

9. Қорытынды ережелер

9.1. Осы Саясат Ұйымның Сайтына/Мобильді қосымша ғана қолданылады және пайдаланушы Ұйымның Сайтында/ Мобильді қосымша жарияланған сілтемелер арқылы өте алатын басқа сайттарға қолданылмайды.

9.2. Осы Саясат дербес деректерді жинау, өңдеу, сақтау және қорғау бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасындағы өзгерістерге байланысты өзгеруі мүмкін. Ұйым пайдаланушыларды электрондық пошта арқылы ерекше маңызды өзгерістер туралы хабардар етуге құқылы. Осы Саясат, сондай-ақ оған енгізілген кез келген өзгерістер мен толықтырулар, егер жаңа редакцияда өзгеше көзделмесе, барлық мүдделі тұлғаларды таныстыру мақсатында Сайтта/ Мобильді қосымша жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.

9.3. Саясатқа қатысты өандай да бір сұрақтар туындаған жағдайда пайдаланушылар Ұйымның Сайтына/Мобильді қосымша көрсетілген байланыстар бойынша телефон, факс, e-mail, пошталық адреске жазбаша сұрау салу немесе Ұйым Сайтына/Мобильді қосымша, не Жеке кабинетте хабарлама жасау арқылы Ұйымға хабарласа алады.